



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 27 БА СП А С Ө З Р Е Л И З І
2013 жылғы 3 шілде

«Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезіне 10 жыл» ескерткіш монеталарын айналысқа шығару туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2013 жылғы 3 шілдеден бастап «proof» сапасымен номиналы 500 теңгелік «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезіне 10 жыл» ескерткіш күміс монеталарын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезіне 10 жыл» ескерткіш монетасының бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде ою-өрнек аясында Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген. Төменгі бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «500» деген сан және «ТЕҢГЕ» деген жазу бар. Сол және оң жағында қарама-қарсы ұлттық ою-өрнектің элементі бар. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» және орыс тілінде «РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН» деген жазу бар.



Монетаның сырт жағында (реверсінде) Астана қаласындағы «Бейбітшілік және Келісім сарайы» бейнеленген. Оң жағында үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезіне 10 жыл» деген мәтін бар. Сол жағында Ұлттық Банктің логотипі және монета дайындалған металды білдіретін «Ag 925 31,1 g» деген жазу орналасқан. Төменгі бөлігінде Бірінші съездің ұйымдастырылған және өткізілген жылын және монетаның соғылған жылын білдіретін «2003-2013» деген сандар бар.

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерлі.

Монета 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61мм, дайындау сапасы – «proof», таралымы - 3 мың дана, қыры (гурты) бедерлі.

Номиналы 500 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің түсіндірмесі

«Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезіне 10 жыл» ескерткіш монетасы Қазақстан тарихындағы айтулы оқиғаларға арналған.

Бейбітшілік және Келісім сарайы – Қазақстанның елордасы Астана қаласында «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының конгресін» өткізу үшін арнайы сәулетші сэр Норманн Фостер салған пирамида.

Ескерткіш монетаны «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш монета коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Ол кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында сатып алуға болады, Алматы қаласындағы мекенжайы: Панфилов көшесі, 98. Анықтама телефоны +7 (727) 273-83-98.

*Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39
e-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz*